

Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру жөніндегі қосымша шаралар туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығы 1993 жылғы 30 шілде N 1311. Күші жойылды - ҚР Президентінің 1995.01.11. N 2021 жарлығымен.

Тауарлардың, шикізат пен материалдардың экспорты мен импорты саласында біртұтас мемлекеттік саясат жүргізуді және бақылауды күшейтуді, республиканың ішкі нарығын қорғауды, әрі мемлекеттік бюджеттің кірісін ұлғайтуды қамтамасыз ету үшін қаулы етемін:

1. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті 1993 жылғы 1 қазанға дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі жанынан мемлекеттік маңызды өнімдердің экспортын және мемлекеттік қажеттер үшін азық-түлікті, шикізатты, дәрі-дәрмекті, жабдықтар мен басқа да өнімдерді орталықтандырып сатып алуды жүзеге асыру үшін мемлекеттік сыртқы сауда компанияларын құратын болсын.

2. Қазақстан Республикасында 1994 жылғы 1 қаңтардан бастап мемлекеттік маңызды өнімдердің экспорты мен кері экспортын, оның ішінде қосымшаға сәйкес бартерлік операциялар негізіндегі экспорты мен кері экспортын, сондай-ақ мемлекеттік қажеттерге арналған шикізат, азық-түлік, дәрі-дәрмек, жабдықтар мен басқа да өнімдер импортын Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігінің жанындағы мемлекеттік сыртқы сауда компаниялары ғана жүзеге асыратын болып белгіленсін. Мемлекеттік маңызды өнімдердің экспорты өндіруші кәсіпорындар орындауға міндетті болып табылатын белгіленген квоталардың шегінде жүзеге асырылады.

Осы қағиданың күші бұрынғы КСР мемлекеттерімен арада жүзеге асырылатын экспорт пен импортқа қолданылады.

3. Мемлекеттік кәсіпорындардың өнім /жұмыс, қызмет/ экспортынан алатын валюталық түсімі тек қана импорт алмастыратын өндірістерді қайта жаңартуға, модерлендіруге, жаңадан құруға, әлеуметтік маңызды тауарлардың /дәрі-дәрмек пен балалар тағамы/ іссапар шығыстарына жұмсалатын болып белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасы Президентінің "Қазақстан Республикасының экспортқа шығарылатын тауарларға кеден тарифі туралы" 1993 жылғы 9 наурыздағы N 1154 Жарлығының күші үкіметаралық келісімдер шеңберінде жүзеге асырылатын өнім беріп тұрудан басқа, бұрынғы КСР мемлекеттеріне жасалатын өнім экспортына қолданылатын болсын.

Осы мемлекеттерге экспортқа шығарылатын тауарлардың /оның ішінде бартерлік операциялар негізіндегі/ кеден баж салығын өндіріп алу төлем валютасымен жүргізілсін.

5. Әкелетін тауарлар мен өзге де заттарға кеден баж салығын шет ел валютасымен төлету айрықша жағдайларда ғана, Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің рұқсатымен, экспортқа шығарушы экспортқа шығарған өнім үшін қаражат алғаннан кейін, алайда жөнелткен күнінен кейін үш ай мерзімнен кешіктірмей жүргізілетін болып белгіленсін.

6. Қазақстан Республикасының Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі 1993 жылғы 1 қазанға дейін экспорт және импорт бақылауы мемлекеттік жүйесінің тұжырымдамасын әзірлеп, Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинетіне табыс етсін, оның мақсаты:

Қазақстан экспортқа шығарушылары өнімдерінің экспорты орташа әлемдік бағалардан төмен болмауын;

өнім /жұмыс, қызмет/ импорты орташа әлемдік бағалардан аспауын;

импортқа әкелінетін тауарлардың /жұмыстың, қызметтің/ сапасына бақылау жасалуын қамтамасыз ету болуға тиіс.

7. Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті:

1993 жылғы 1 қыркүйекке дейінгі мерзімде Қазақстан Республикасы Сыртқы экономикалық байланыстар министрлігі жанынан Әлемдік нарық конъюнктурасы институтын құру мәселесін қарайтын болсын;

бір ай мерзімде осы Жарлықты жүзеге асыру үшін қажетті шешімдер қабылдасын.

8. Мыналардың күші жойылған деп танылсын:

1994 жылғы 1 қаңтардан бастап, Қазақстан Республикасы Президентінің "Экономиканы тұрақтандыру және нарықтық қайта құрулар жүргізу кезеңінде Қазақстан Республикасының сыртқы экономикалық қызметін ұйымдастыру туралы" 1992 жылғы 25 қаңтардағы N 585 Жарлығының 1-тармағы бірінші абзацының екінші сөйлемі;

Қазақстан Республикасы Президентінің "1993 жылы Қазақстан

Республикасында валюта қорын қалыптастыру туралы" 1993 жылғы 21 қаңтардағы N 1092 қаулысының 1-тармағының 2-абзацы;

Қазақстан Республикасы Президентінің "1992 жылғы егіннің астығы ұтымды пайдаланылуын қамтамасыз ету жөніндегі шаралар туралы" 1993 жылғы 18 қаңтардағы N 1080 қаулысының 2-тармағының 2 және 4 абзацтары.

Қазақстан Республикасының
Президенті

Қазақстан Республикасы
Президентінің
1993 жылғы 30 шілде
N 1311 Жарлығына қосымша

Мемлекеттік маңызды өнімдердің
ТІЗБЕСІ

Тауарлардың атауы	СЭҚ ТН бойынша коды
Мұнай және мұнай өнімдері	2709,2710,2712,2713
Табиғи газ, конденсатты қоса	2711
Көмір және кокс	2701,2702,2704
Кен мен концентрат	2601-2617
Қара металдар, қара металл прокаты мен сынығы	7201,7202,7204,7206 7208-7229,7301-7306
Түсті металдар, түсті металл прокаты мен сынығы	7401-7418,7501-7508 7601-7616,7801-7616 7901-7907,8001-8007
Сирек және сирек ұшырасатын металдар	8101-8112,2805,2846
Глинозем	281820000
Бағалы металдар, асыл тастар және олардан жасалған бұйымдар	2843,7101-7118
органикалық емес және органикалық химия өнімдері	284130,290250 390210,390310
Химиялық радиоактивті элементтер	2844,2845
Астық	1001-1008
Мақта	5201-5203
Жүн	5101
Тері шикізаты	4101-4103
Минералды тыңайтқыш	3102,3103,310559
Тибет медицинасы өнімдері	050790
Бекіре уылдырығы	160430

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК